

Аудандық мәслихаттың 2013 жылғы 27 қарашадағы № 154-V "Алушылардың жекелеген санаттары үшін әлеуметтік көмек көрсету еселігін және әлеуметтік көмек мөлшерін, атаулы күндер мен мереке күндерінің тізбесін белгілеу туралы" шешіміне өзгеріс енгізу туралы

Күшін жойған

Атырау облысы Индер аудандық мәслихаттының 2020 жылғы 30 сәуірдегі № 374-VI шешімі. Атырау облысының Эділет департаментінде 2020 жылғы 5 мамырда № 4645 болып тіркелді. Күші жойылды - Атырау облысы Индер аудандық мәслихаттының 2022 жылғы 27 қыркүйектегі № 136-VII шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Атырау облысы Индер аудандық мәслихаттының 27.09.2022 № 136-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6-бабына, "Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі Заңының 26-бабына және аудан әкімдігінің 2020 жылғы 16 ақпандағы № 12 қаулысына сәйкес, Индер аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Аудандық мәслихаттың 2013 жылғы 27 қарашадағы № 154-V "Алушылардың жекелеген санаттары үшін әлеуметтік көмек көрсету еселігін және әлеуметтік көмек мөлшерін, атаулы күндер мен мереке күндерінің тізбесін белгілеу туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 2803 санымен тіркелген, 2013 жылдың 19 желтоқсанында "Дендер" газетінде жарияланған) шешіміне келесі өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген шешімнің 2 қосымшасының 1 тармағы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда мазмұндалсын.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау аудандық мәслихаттың әлеуметтік саясат, жастар ісі, білім беру, мәдениет, денсаулық сақтау мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясына (Қ. Гильманов) жүктелсін.

3. Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді, ол алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі және 2020 жылдың 1 қаңтарынан бастап туындаған құқықтық қатынастарға таралады.

Сессия төрағасы

Мәслихат хатшысы

К. Гильманов

Б. Сапаров

Индер аудандық мәслихаттының 2020

жылғы "30" сауірдегі № 374-VI

шешіміне қосымша

Индер аудандық мәслихатының 2013

жылғы 27 қарашадагы № 154-V

шешіміне № 2 қосымша

Алушылардың жекелеген санаттары үшін атаулы күндер мен мереке күндеріне өлеуметтік көмектің мөлшері

№	Өлеуметтік көмек алушылардың санаттары	Атаулы күндер мен мереке күндері	Өлеуметтік көмектің мөлшері, тенге
	1) Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мұгdedектері;	Женіс күні	1 000 000
	2) қорғанысина қатысу майдандағы армия бөлімдерінің әскери қызметшілері үшін белгіленген жеңілдік шарттарымен зейнетақы тағайындау үшін еңбек өткерген жылдарына 1998 жылғы 1 қантарға дейін есептелді қалаларда Ұлы Отан соғысы кезінде қызмет атқарған әскери қызметшілер, сондай-ақ бұрынғы КСР Одағы ішкі істер және мемлекеттік қауіпсіздік органдарының басшы және қатардағы құрамының адамдары;	Женіс күні	100 000
	3) Ұлы Отан соғысы кезінде майдандағы армия құрамына кірген әскери бөлімдерде, штабтарда, мекемелерде штаттық қызмет атқарған Совет Армиясының, Әскери-Теніз Флотының, бұрынғы КСР Одағының ішкі істер және мемлекеттік қауіпсіздік әскерлері мен органдарының ерікті жалдама құрамаларының адамдары, яки сол кездерде қорғанысина қатысу майдандағы армия бөлімдерінің әскери қызметшілері үшін белгіленген		100 000

	жәнілдік шарттарымен зейнетакы тағайындау үшін еңбек өткерген жылдарына 1998 жылғы 1 қаңтарға дейін есептеледі қалаларда болған адамдар;	Женіс күні		
1	4) қоршаудағы кезеңінде Ленинград қаласының кәсіпорындарында, мекемелері мен ұйымдарында жұмыс істеген және "Ленинградты қорғаганы үшін" медалімен әрі "Коршаудағы Ленинград тұрғыны" белгісімен наградталған азаматтар;	Женіс күні	60 000	
	5) екінші дүниежүзілік соғыс кезінде фашистер мен олардың одақтастары құрган концлагерлердің, геттолардың және басқа да еріксіз ұстау орындарының жасы кәмелетке толмаған бұрынғы тұтқындары;	Женіс күні	60 000	
	6) бұрынғы КСР Одағын корғау кезінде, әскери қызметтің басқа да міндеттерін (қызмет міндеттерін) атқару кезінде жарапану, контузия алу немесе закымдану нәтижесінде қаза тапқан (хабар-ошарсыз кеткен) немесе майданда болуына байланысты ауруға шалдығу салдарынан қайтыс болған әскери қызметшілердің, партизандардың, астыртын күрес жүргізгендердің, Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 сәуірдегі "Ұлы Отан соғысының катысуышылары мен мүгедектеріне және соларға теңестірілген		30 000	

адамдарға берілетін женілдіктер мен оларды әлеуметтік қорғау туралы " Заңының 5, 6, 7 және 8- баптарында көрсетілген адамдардың отбасы;	Женіс күні		
7) Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы қажырлы еңбегі және мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы КСР Одағының ордендерімен және медальдерімен наградталған адамдар;	Женіс күні	100 000	
8) Екінші рет некеге тұрмаған, қайтыс болған соғыс мүгедектерінің және соларға теңестірілген мүгедектердің әйелдері (куйеулері);	Женіс күні	30 000	
9) 1941 жылғы 22 маусымнан бастап 1945 жылғы 9 мамырды қоса алғанда кемінде 6 ай жұмыс істеген (қызмет өткерген) және Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы қажырлы еңбегі мен қалтқысыз әскери қызметі үшін бұрынғы КСР Одағының ордендерімен және медальдарымен наградталмаған адамдар үшін.	Женіс күні	30 000	

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК